

Басқа елдердің аумағында болған ұрыс қимылдарында әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерге ескерткіш орнату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 13 тамыздағы N 765

Қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерді мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің, Алматы қаласы әкімінің, Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш мемориалын орнату жөніндегі қордың Ауғанстанда, Кореяда, Вьетнамда және басқа да елдердің аумағында болған ұрыс қимылдарында әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерге Алматы қаласында ескерткіш орнату туралы ұсынысы қабылдансын (бұдан әрі - Ескерткіш).

2. Алматы қаласының әкімі:

28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақ аумағында Ескерткіштің құрылысына жер участкесін бөлсін;

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігімен бірлесе отырып, Ескерткіштің ең таңдаулы жобасын айқындау мақсатында ашық конкурс өткізсін;

Ескерткіштің құрылысы жөніндегі бас мердігерді тендерлік негізде айқындасын.

3. Ескерткішті жобалау мен орнату Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш мемориалын орнату жөніндегі қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылатындығы назарға алынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі